

Қ. Р. ТӘУЕЛСІЗДІГІН  
АЛҒАННАН  
КЕЙІНГІ  
ЭКОНОМИКА.

1991-1995

- Тарихтан бері келе жатқан қазақ еліміз көптеген әр қилы замандарды басынан өткізіп, Кеңес Одағы құрамында 70 жыл социалистік құрылыста болып келіп, 1991 жылы өз тәуелсіздігін алғаннан кейін мүлдем басқа, адамдар психологиясына жат көрінетін нарықтық экономикаға өттік. Яғни бұл жүйеде тиімді қызметтер атқару үшін ұлттық экономикаға пайдалы, жан-жақты бағдарланған экономикалық саясат, реформалар, заңдар және қысқа немесе ұзақ мерзімді стратегиалар шығару, сондай-ақ оны іске асыру керек болды. Яғни бір сөзбен айтқан кезде даму жоспарларын даярлап, оны іске қосу қажеттігі туындады.



- Еліміздегі экономикалық циклмен дамуы егемендігін алған жылдардан бастап құлдырау және соңында 1994-1995 жылдары дағдарыстың жоғары дәрежесі көрінді. Ал 1996 жылдан бастап еліміз экономиканың жандануы, инфляцияның төмендеуі, ЖІӨ-нің өсуі сияқты крсеткіштер оң бағытта өсіп экономикалық жандану және өсу сатысындамыз.
- Республикадағы экономикалық дағдарыстар ең алдымен оның терең тамыр жайып, қоғамдық өмірдің барлық саласына әсер етіуімен сипатталады. Мұның өзі өндіріс құлдырауының қаусап-күйреу кейпінен, оның тиімділігінің күрт төмендеуімен көрінеді.



◦ Жалпы еліміздегі экономикалық дағдарыс 1991 жылдан басталған жоқ, ол сонау Кеңес басшылығының 1985-1991 жылдардағы экономикалық саясаты экономиканы дағдарысқа сол кезден бастап бұрған еді. Әуелі кәсіпорындар, сонан кейін аймақтар қалыптасқан шаруашылық байланыстарын үзе бастады, бартерлік қарым-қатынастарға көшті, мемлекеттік тапсырыс бойынша өнім өткізуді тоқтатты, барлық таза пайданы тұтыну қорларына айналдырды. Мемлекеттің бюджетінің тапшылығы мен инфляция өсе бастады, ақша жүйесі құнсызданып, экономиканы тиімді басқару құлдырап кетті. 1990 жылдары елімізге келетін өндірітік инвестиция тоқталды. 1990 жылы өндіріс көлемі абсолютті түрде құлдырап, еліміз экономикалық дағдарысқа кірді. 1991 жылы өнеркәсіп өндірісінің құлдырауы 8 пайызға жетті. Экономикада жаппай аласапыран басталды.

- 1991-1995 жылдардағы экономикалық өсудегі дағдарыстың басты себебі инфляциялық жағдай болып табылады. Өйткені 1992-1994 жылдарда елімізде инфляция қарқыны тым үлкен болды. Инфляция деңгейі 2000%-дан асып кетіп, гиперинфляцияны құрады. Осыған байланысты 1993 жылы ұлттық валютамыз теңгені енгізуімізге тура келді. Алайда соның өзінде инфляция белең алып отырды. Осы мәселе туралы ұлттық валюта енгізілгеннен бастап елдегі банк жүйеміз нақты ақша-несиелік және валюталық реттеуге кірісті. Осының нәтижесінде экономикада 1995 жылдан бастап инфляция деңгейі төмендей басатады, ал ол өз кезегінде экономикалық өсуге жол ашты.



○ Қазақстанда 1991-1995 жылдар 1990 жылмен салыстырғанда ЖІӨ көлемі 38,6%-ға төмендеді, яғни жылына шамамен 8%-ды құрап отырды. 2000 жылға дейінгі ЖІӨ көлемінің өсу қарқыны байқалғандығымен 1990 жылмен салыстырғанда 69,3% -құрады. Ал соңғы 2001-2003 жылдар аралығында ЖІӨ-нің жиынтық өсімі 30%-дан астам болды. 1995 жылы ЖІӨ-нің 0,5%-ға өсуімен жалпы экономикада экономикалық өсу көрсеткіштері белең ала бастады. Яғни елдегі экономикалық өсу параболалы түрде болып, оның көлемі бұрынғы 1990 жылғы көлеміне міне осы 2003 жылы ғана жетті. Қазіргі уақытта еліміз экономикалық өсудің дағдарысынан толық шықты деп айта аламыз.



○ Инвестициялық дағдарыс Қазақстанда Республикасында инвестициялық қызметтің дереу тоқталуымен белең алды. 1991-1996 жылдар аралығында негізгі капиталға инвестиция тарту тұрақты түрде кеміп отырды. Осы аралықта негізгі капиталға салынған инвестицияның жалпы көлемі 10 есе кеміді. Осылайша елімізге инвестиция ағымы азаюымен қатар жоғарыда көргеніміздей экономикалық өсуде дағдарысқа ұшырады. Жалпы экономикада өндірістер құлдырап, көбісі банкротқа ұшырады. Сондай-ақ бұрынғы құралдардың жаппай тозуы басталды. Осының салдарынан әлеуметтік салада жұмыссыздық күннен-күнге өсе бастады. Мемлекетіміз осы мәселеге тікелей араласа бастады. Ол экономикаға инвестиция тартуды ынталандыру саясатын жүргізді, шетелдің тура инвестициялар келуіне ыңғайлы жағдайлар жасады. Сондай-ақ ішкі экономикалық инвестиция тартуды дамытты. Осылайша 1997 жылдан бастап елімізде инвестициялық қызмет өсу бағытына бет алды. Оның өсімі 1997 жылы 11,6%, 1998 жылы – 41,9%, 1999 жылы – 3,8%, 2000 жылы – 29,4%, 2001 жылы – 30%-ды құрады.



- Елімізде инфляциялық дағдарыстың орны ерекше деп те атасақ болады. Өйткені 1990 жылдан бастап өндірістің құлдырауы, бұрынғы орталықтанған экономиканың ақшаны құнсыздануға жібермей ұстап тұрған саясаты жойылып, экономика нарықтық қатынастарға бет алғанда қаржы саласы дереу дағдарысқа ұшырады. Осының салдарынан Қазақстанда 1992-1994 жылдары тұтынушылар тауарына инфляция деңгейі 2000%-дан асып кетті. Өндіріс пен инфляцияның дағдарысқа ұшырауы әлеуметтік саланың күрт құлдырауына алып келді. Халықтың ақшалай кірістері кеми бастады, еңбек ақы төмендеді, жалпы елде кедейліктің деңгейі өсе бастады.
- Сөйтіп 1995 жылдан бастап экономикада жүргізілген реформалардың нәтижесінде және қаржылық реттеудің арқасында инфляция қарқынының төмендеуі байқалды, ал оның төмендеуі өзімен бірге экономикалық өсудің белең алуына әкелді.



**Назарларыңызға рахмет!**

